

## ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ҚОРҒАЛАТЫН САНАТТАРЫНА ЖЕҢІЛДІКТЕР (АҚШАЛАЙ ӨТЕМДЕР) ТУРАЛЫ

### *Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ  
27 сәуір 1994 ж. N 437. Күші жойылған - Қазақстан Республикасы Министрлер  
Кабинетінің 1995.07.19. N 999 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "1994 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1994 жылғы 27 қаңтардағы N 1529 Жарлығымен (23-тармағы) және "Қазақстан Республикасы Президентінің "1994 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1994 жылғы 27 қаңтардағы N 1529 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" 1994 жылғы 12 сәуірдегі N 1652 Жарлығымен (5-тармағы) 1994 жылдың 1 сәуірінен бастап ақшалай өтем жасау түріндегі атаулы әлеуметтік жеңілдіктер берудің жаңа тетігінің енгізілуіне байланысты, сондай-ақ "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға бұрыннан бар жеңілдіктерді сақтау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 1668 Жарлығына сәйкес, Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларын және оларға теңестірілген адамдарды; Чернобыль АЭС-індегі апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды; екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі фашистік концлагерьлердің, геттолардың және басқадай еркінен тыс орындарының бұрынғы жасы толмаған тұтқындарын; "Құрсаудағы Ленинград тұрғыны" және "Ленинградты қорғағаны үшін" медальдарымен наградталған азаматтарды; Ұлы Отан соғысы кезіндегі майдандағы армияның ерікті жалдамалы құрамында, болған адамдарды әлеуметтік жағынан қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына және оларға теңестірілген адамдарға Үкімет бұрыннан белгілеген жеңілдіктер сақталсын.

2. Жеңілдіктер (ақшалай өтем мөлшері) жөнінде мыналар:

Чернобыль АЭС-індегі апат салдарынан зардап шеккен әрі бірінші және екінші топтардағы мүгедектер болған азаматтар - Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне;

Чернобыль АЭС-індегі апат салдарынан зардап шеккен әрі үшінші топтағы мүгедектер болған азаматтар, екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі фашистік концлагерьлердің, геттолардың және басқадай еркінен тыс ұстау орындарының бұрынғы жасы толмаған тұтқындары және "Құрсаудағы Ленинград тұрғыны"

мен "Ленинградты қорғағаны үшін" медальдарымен наградталған азаматтар, ядролық қару қолданылған жауынгерлік әзірліктерге қатысқан әскери қызметшілер - Ұлы Отан соғысына қатысушыларға;

Ескерту. 2-тармағының үшінші абзацы сөздермен толықтырылған - ҚРМК-нің 3.08.1994 ж. N 873 қаулысымен.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі майдандағы армияның ерікті жалдамалы құрамында болған адамдар - бірінші топтағы мүгедектерге;

Чернобыль АЭС-індегі апат салдарынан қаза тапқандардың, сәуле ауруларының зардабынан қайтыс болғандардың және қайтыс болған мүгедектердің отбасылары - қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына;

Чернобыль АЭС-індегі апат салдарынан зардап шеккен азаматтардың қалған санаттары - "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін" медалімен наградталған адамдарға теңестірілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аталған жеңілдіктерді беру тәртібін белгілесін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
П р е м ь е р - м и н и с т р і